

## Шығармашылық дамытушы ойын

### «Әжемнің сандығы»


Максаты: Ұлттық құндылықтарды баланың бойына заманауи бағытында үйлестіруді дамыту. Ой санасын шыңдау. Балалардың ұсақ қол моторикасын дамыту. Ептілікке баулу  
Аққұдық орта мектебінің жанындағы «Айгөлек» шағын орталығының консультациялық пункт жоспарына сай ұлттық құндылықтарды балалардың бойына сіңіру мақсатында «Әжемнің сандығы» атты шығармашылық дамытушы ойын ұйымдастырылды. Сандық ежелден келе жатқан ұлттық жиһаз оны кастерлеп ұстап киелі бұйым түрінде дәріптейміз. Оюмен безендірілген ұлттық жиһаз түрі – сандық біздің мақтанышымыз, себебі құрылыс, сурет, қолөнер сияқты бірнеше өнердің басын құрайтын кереметке толы жиһаздың түрі. Осыған орай ата-ана мен балалармен бірге заманауи айналмалы сандығымыздың ғажайыбымен танысамыз. Сандықтың ортасындағы тілін айналдыру арқылы сандықшалардағы тапсырмалар орындалды.

«Қоржын тігу» Пішілген қоржын бөліктерін алдын ала тесілген тесіктерге баулықты өткізу арқылы тігіп қоржын жасау

«Әшекейді жинау» Шашылған моншақтарды бірнеше саусақ үстіне қойылған ыдысқа жинайды. Оң сол қолмен бірге жұмыс жасайды.

Ойын барысында баланың бойына ұлттық тәрбие қалыптасады.

Өткізген :Ержанова А.С







Қоржын тігу

